

Ескелді ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Жетісу облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 наурыздағы № 21-65 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 14 наурызда № 175-19 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ескелді ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4% (төрт пайыздан) 2% (екі пайызға) дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескелді аудандық мәслихатының төрағасы

К. Сатанов